

Ауыл шаруашылығындағы экономикалық реформаларды жүзеге асыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 25 ақпандағы N 139

Ауыл шаруашылығындағы реформаларды тереңдету жөніндегі жұмысты жандандыру және ауыл шаруашылығы өнім өндірушілері ұйымдарын қаржылық сауықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы облыстарының әкімдерімен өткізілген кеңестің 1998 жылдың 10 ақпандағы N 20-26/6-36 хаттамалық шешіміне сәйкес құрылған Республикалық жұмыс тобы Ауыл шаруашылығындағы экономикалық реформаларды жүзеге асыру және дәрменсіз ауыл шаруашылығы ұйымдарын қаржылық сауықтыру мәселелері жөніндегі үлгі ұсынымдарды іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

2. Аймақтарда түсіндіру жұмыстарын жүргізу және жүргізіліп жатқан реформалардың барысын бақылау үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жауапты қызметкерлерінің арасынан қосымшаға сәйкес ведомствоаралық жұмыс топтары құрылсын.

3. Облыс әкімдері аталған топтардың алдына қойған міндеттерді жүзеге асыруы үшін қажетті жағдайлар жасасын.

4. Облыстардың, аудандардың әкімдері:

1) Ауыл шаруашылығындағы экономикалық реформаларды жүзеге асыру және дәрменсіз ауыл шаруашылығы ұйымдарын қаржылық сауықтыру жөніндегі үлгі ұсынымдарды және жинақталған тәжірибені пайдалана отырып, ауыл шаруашылығындағы экономикалық реформаларды жүзеге асыру жұмысын жеке басқаратын болсын және оны жергілікті жерлерде ұйымдастырылған жұмыс топтарының күшімен ұйымдастырсын;

2) он күн сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне ауыл шаруашылығындағы экономикалық реформалардың жүзеге асырылу барысы туралы облыстар бойынша жиынтық есеп ұсынатын болсын.

5. Селодағы өзгерістерді түсіндіру және шаруашылық жүргізуші субъектілерді қаржылық сауықтыру жөніндегі жұмыстарды қоса алғанда, тұтастай алғанда республика бойынша агроөнеркәсіп кешенінде жүргізіліп жатқан өзгерістер, реформалардың толыққанды және нәтижелі болуы үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне

жүктелсін.

6. Қазақстан Республикасының ведомстволары өз құзыретіне сәйкес жұмыс топтарына жүктелген міндеттерін орындауына қажетті жедел көмек көрсететін болсын.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ж.С.Кәрібжановқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 25 ақпандағы
N 139 қаулысына
қосымша

Селодағы экономикалық реформаларды тереңдету және
дәрменсіз ауыл шаруашылығы құралымдарын қаржылық
сауықтыру мәселелері бойынша аймақтарға шығатын
ведомствоаралық жұмыс топтарының

ҚҰРАМЫ

Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстары

Қосынов Т.О. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігінің Орман және аң шаруашылығы
комитетінің төрағасы, жетекші

Тасқожин А.Ш. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігінің басқарма бастығы

Захарченко С.Г. - МемжерҒӨО-ның бас маманы

Икранбеков А.З. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі
Кеңсесінің жауапты қызметкері

Қызылорда және Жамбыл облыстары

Байғабылов А.А. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігі Департаментінің директоры

Кетркеева Р.М. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы

министрлігінің бөлім бастығы
Әбділманов Ж. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігінің Жер ресурстарын басқару
жөніндегі комитетінің бас маманы
Ыбрайымжан-ұлы Р. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі
Шәкенов М.К. - Кеңсесінің жауапты қызметкерлері

Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстары

Оспанов Б.С. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігінің Жер ресурстарын басқару
жөніндегі комитетінің төрағасы, жетекші
Алшынбаев Е.Ж. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігінің бөлім бастығы
Тәжмағамбетов Т.Қ. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігінің Жер ресурстарын басқару
жөніндегі комитетінің бөлім бастығы
Жұмабеков С.Б. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі
Кеңсесінің жауапты қызметкері

Атырау және Маңғыстау облыстары

Сәрсенбеков Т.Т. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігінің Су ресурстары жөніндегі
комитетінің төрағасы, жетекші
Жақыпов А.С. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігінің бөлім бастығының орынбасары
Тілеубаев А.Ғ. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігінің Жер ресурстарын басқару
жөніндегі комитетінің бас маманы
Ержанов С. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі
Кеңсесінің жауапты қызметкері

Қостанай облысы

Кулагин С.В. - Қазақстан Республикасының Ауыл
шаруашылығы министрі, жетекші
Дауылбаев О. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігі Департаменті директорының

орынбасары

Жүсіпов С.А. - "Ақмола Гипрозем" бөлім бастығының

орынбасары

Самусев Ю.М. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі

Оңаев А.Ы. - Кеңсесінің жауапты қызметкерлері

Солтүстік Қазақстан облысы

Кулагин С.В. - Қазақстан Республикасының Ауыл
шаруашылығы министрі, жетекші

Халилов Я.М. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігі Департаментінің
директоры

Рябуха Н.Н. - Қазақстан Республикасының Ауыл
шаруашылығы министрлігінің Жер
ресурстарын басқару жөніндегі
комитетінің бөлім бастығы

Самусев Ю.М. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі
Кеңсесінің жауапты қызметкері

Ақмола облысы

Нұрқиянов Т.М. - Қазақстан Республикасы Президенті
Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы,
жетекші

Сизов А.П. - Қазақстан Республикасының Ауыл
шаруашылығы министрлігінің Жер
ресурстарын басқару жөніндегі
комитеті төрағасының орынбасары

Есіркепов Р.Т. - МемжерҒӨО-ның сектор меңгерушісі

Сағиев Ғ.Т. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі
Кеңсесінің жауапты қызметкері

Қарағанды облысы

Нұрқиянов Т.М. - Қазақстан Республикасы Президенті
Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы,
жетекші

Сизов А.П. - Қазақстан Республикасының Ауыл

шаруашылығы министрлігінің Жер
ресурстарын басқару жөніндегі
комитеті төрағасының орынбасары

Есіркепов Р.Т. - МемжерҒӨО-ның сектор меңгерушісі

Дмитриев О.В. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі
Кеңсесінің жауапты қызметкері

Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстары

Отаров К.М. - Қазақстан Республикасының Ауыл
шаруашылығы вице-министрі, жетекші

Гусев В.Г. - Қазақстан Республикасының Ауыл
шаруашылығы министрлігі Департаменті
директорының орынбасары

Кәрімов Ш.М. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігінің Жер ресурстарын басқару
жөніндегі комитеті бөлімі бастығының
орынбасары

Жұмағұлов М.Б. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі
Кеңсесінің жауапты қызметкері